



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

« 21 » ақпан 2023 ж.г.

Қызылорда қаласы

№ 27

город Кызылорда

**«2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы»
Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 153 шешімін іске асыру туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің
2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 690 қаулысына өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің 111-бабының 3-тармағына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы № 153 шешімін іске асыру туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 690 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Осы қаулының 20-қосымшасына сәйкес аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттеріне 2022 жылғы бюджет қаражатының қалдықтары есебінен, 2022 жылы облыстық бюджеттен бөлінген нысаналы даму трансферттерінің пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомаларын 2023 жылы пайдалануға (толық пайдалануға) рұқсат етілсін.»;

көрсетілген қаулының 1, 4-қосымшалары осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулы осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес 20-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.А. Сақтағановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының
әкімі



Н. Нәлібаев